

Атауы: Оқу, үлгерім және жақсарту

Title: Learning, Performance Improvement

Автор: Крис Уоткинс

Author: Chris Watkins

SUMMER
2010
ISSUE 34

МЖХҰ (мектепті жақсартудың халықаралық ұйымы) ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

34-нөмір, 2010 жылғы жаз.

Оқу, үлгерім және жақсарту

Мақсаттар:

Бұл мақалада мектептердегі оқу мен үлгерім арасындағы өзара байланыс зерттеледі, содан соң оқу үдерісін зерттеу арқылы мектептердегі үлгерімді жақсарту жолдары туралы деректер зерттеледі. Деректерге шолу сыныптарда жүргізілген 100 зерттеу және басқа кеңейтілген ғылыми басылымдар негізінде жасалады, мұнда орынды үнемдеу мақсатында олардың барлығы келтірілмейді.

Зерттелетін материал, оқыту үдерісін зерттеу – үлгерімді көтеруге әсер ететін, білім беру жағынан мақсатқа сәйкес және маңызды стратегия деген қорытындыға әкеледі. Бірақ, мектептердегі оқуға бағытталған жақсартулар, осы зерттеу материалдарынан жасайтын тұжырымдамалардан азырақ екені анық, себебі ол Англиядағы ағымдағы өзгерістер және сыныптағы оқу туралы басым пікірлермен шиеленіске түседі.

Оқу мен үлгерім арасындағы кез келген өзара байланысты түсіну үшін осы теминдерді алдымен жеке қарастырып, олардың мәндерінің диапазонын бірінші кезекте түсіну қажет.

Құпия мән 1-мәнмәтін:

Оқуға көзқарас

«Оқу» терминінің бірқатар мәні бар. Күнделікті сөйлеуде, бұқаралық ақпарат құралдарында және теледидар бағдарламаларында оны сирек пайдаланады, ал пайдаланған кезде ол «сабақ беруді» білдіреді.

Білім әлемінде «оқу» сөзі жиі пайдаланылады, бірақ қалт етпей зерттеген кезде, бұл термин оқыту, өндіріс, белгілі бір критерийлерге сәйкес орындау және т.б. сияқты айқын әртүрлі үдерістерді белгілеу үшін пайдаланылады екен. Сыныптарда бұл термин сирек қолданылады.

20-ғасырдың ғылыми зерттеулеріне шолу, бүгінгі күнде білім алу оқудың әлеуметтік мәнмәтіні маңызды болып келетін білім құру үдерісі арқылы жүзеге асатын білімдегі өзгеріс ретінде қарастырылатынын көрсетті.¹ Білім алушылар арасындағы айырма мен мәнмәтіндік айырма да үлкен әсер ететіні көрсетілген. Оқытудың әлеуметтік мәнмәтінін зерттеу бізге, түсіну – бұл ұжымдық феномен екенін, оқытуды білім қоғамдастығына бейімделу деп түсінуге болатынын көмектесті және оқудың үлкен бөлігі бастапқыда алынған әлеуметтік жағдайға ерекше қолданбалы болып қалатынын түсінуге көмектестіⁱⁱ.

Әр мектеп пен әр сыныпта оқуға деген көзқарас айқын болмаса да, бар екені анық. Сыныпта баяғыдан қалыптасқан оқу мәдениеті былай дейді: оқыту – бұл сөйлеу, оқу – бұл тыңдау, білім - бұл мұғалім оқытатын пән және кітаптарда бар материал.ⁱⁱⁱ Бұл зерттеулер барысында алынған деректерге сәйкес келмейді. Бірақ бұл тәсіл, егер оған анық қарсылық білдірмесе, басым болады. Көптеген маңызды зерттеулер, сыныптарда жақсы жағдай жасауға болатынын көрсетеді.

Оқушылардың өз бетінше оқуды түсінуі зерттеулердің басты тақырыбы болды. Ересек оқушыларды зерттеу оқуға деген бірнеше көзқарасты айқындады:

- Білімді көбейту;
- Еске сақтау және жаңғырту;
- Жалпы ережелерді жеке жағдайларға қолдану;
- түсіну және мәнін табу;
- Бір нәрсені басқа тұрғыдан көру;
- Тұлға ретінде өзгеру.^{iv}

Мұндай оқудың тұжырымдамалары өте маңызды, себебі адамдар өз оқуына қалай қарайтынындығына үлкен әсерін тигізеді. Мектеп жасындағы оқушылардың оқу тұжырымдамасы ересек оқушыларға қарағанда қарапайым болуы мүмкін, бірақ олардың диапазоны «жай» оқудан мәнге бай тұжырымдамаларға дейін өзгеріп отырады.

Табысты оқушылар, басқа күшті жақтарымен қатар, мета-таным, өзін-өзі реттеу және өзін өзі бақылау сияқты бай оқыту тұжырымдамаларға да ие болады.

Құпия мән 2-мәнмәтін:

Мектептегі үлгерімге деген көзқарастар

Әр түрлі уақытта және әр түрлі мәнмәтінде мектеп жүйелері әр түрлі түсініледі. Оларды оқушылардың жеке-әлеуметтік дамуы, емтихандар нәтижелері, азаматтық үлес қосу көзқарасынан немесе көптеген басқа көзқарастан қарастыруға болады. Соңғы жылдары Англия мен басқа елдерде, оқушылар үлгерімін бағалау, мұғалімдер үшін үлгерімді басқаруға мемлекеттік бағытталған нәтиже ретінде қарастыруға белгілі көзқарас басым болды. Жазбаша бақылау жұмыстары жүргізілген кездегі үлгерім осы термин мәні спектрінің бір қырында жатады; екіншісінде – үлгерім термині сондай-ақ маңызды мақсатты дәрісханалармен және ойға әсер етумен бірге ұзақ мерзімді сипаттағы бірлескен бастамалар сияқты анағұрлым терең нақты жетістіктерді сипаттайды. Кейбір мемлекеттік білім жүйелері дәл осындай

құндылықтарға баса назар аударады.^v Шектеулі уақытта өткізілетін жазбаша тесттер нәтижелері үлгерімнің нақты көрсеткіштерін бермейтін дәлелдер бар.^{vi} Олардың көмегімен жасалған мектептің «рейтинг кестелері» олар үшін мәлімделген мақсаттарға бейімделмеген^{vii}.

Осындай үлгерімге негізделген мұғалімдерді басқару ұжымның оқытушылық рұхын төмендетіп, көптеген мұғалімдердің кәсібін ауыстыруға себеп болды.^{viii} Жуырда ғана мектептің үлгерім кестелері мадақтау және санкция беру нысаны ретінде мойындалған, бірақ біз «санкция беру мен мадақтаудан болатын тиімділік пен үлгерім деңгейін байланыстыратын сан көрсеткіштерін таппадық»^{ix}. Қазір жазбаша емтиханның нәтижелерін қолданатын түрлі 22 санат бар^x, олардың бәрі өз мақсаттарына бейімделмеген.

Жақында «гипер-есеп беру»^{xi} ретінде сипатталған мектеп үлгеріміне деген мұндай көзқараспен мектептер өсіп келе жатқан қысымды сезеді және үлкен қысымдарға тап болады. Жалпы, оқитын материалдың азаюы мен емтиханға дайындалу осы мәселеге жауап болды, бұл оқушылар арасындағы уәждеменің тиісінше төмендеуіне және оқу үрдісінен рахаттану сезімінің кемуіне әкелді.^{xii}

Үлгерім мәніне баса көңіл аударатындар, үлгерімді қалай жақсарту жөнінде белгілі көзқарас айтып, анық ұстанымдарын білдіреді. Бір мектеп инспекторы айтқандай: «Кез келген адам қысым және қорқыту арқылы болмаса, қалай оқиды?»^{xiii} Мектеп сияқты, күрделі адам жүйелеріне қысым қолданғанда екі нәтиже болады: бірінші, қысым иерархиялық деңгейлер бойынша төмен беріледі; екінші – сыныпта болып жатқан үдеріс алғашқы формаларына кері оралып, мұғалім үдеріс жүргізетін кезге қайтарылады.

Соңғы жылдар ішінде Англияның үкіметі (Уэльс пен Шотландия емес) мектепті негізгі назарды сабақ беруге шоғырландырып бағыттап, оқу үлгісін мұғалімнен нұсқау алу ретінде күшейтті. Бұл тәсіл оқыту парадигмасына қарама қайшы келеді^{xiv}.

«Бүкіл сыныпқа интерактивті сабақ беру» пайымдауларына қарамастан, тәуелсіз зерттеулер оқушыларға сұрақ қою арқылы әңгімелесу тәсілдердің көбейгені емес, сабақ беру ұзақтығын ұлғайта отырып, оқушылар алдында пайымдауларды айтуды қоса, сабақ берудің дәрістік үлгісінің көбеюін көрсетті.^{xv}

Бастауыш білім беру жөніндегі тәуелсіз есепте айтылғандай, Англияның мектептері «мемлекеттік білім теориясына» салынды^{xvi}.

Осы бағдар үлгерімді тар бағытта қарастыруға және сонымен байланысты өзінің жеке мәлімдеген шеңберіндегі табыс нәтижелеріне жетудегі қысыммен

байланысты мақсаттарына жете ме әрі ол үлгерімді жақсартуға апара ма? Жоғары деңгейдегі халықаралық талдау нәтижелері мыналарды көрсетеді:

«Оқудағы нәтижелерге жету мақсатында қысым көрсету оқумен айналысуға және көптеген елдердегі оқудағы жетістіктерге кері пропорционалды.^{xvii}».

«Академиялық үлгерім маңыздылығына мұғалімнің көңіл аудару дәрежесін оқушылардың қабылдауымен және оқушыларға жоғары талаптар жүктеумен өлшенетін нәтижелерге жету мақсатында қысым көрсету, үлгеріммен шамалы байланысты, орта есеппен ЭЫДҰ елдері бойынша математикалық және ғылыми сауаттылық деңгейіне байланысты ешбір статистикалық маңыздылығы жоқ»^{xviii}.

Осының барлығын дұрыс түсіну үшін бізге, зерттеулер көрсеткіштері бойынша, мектептің ең жоғары тиімділігін көрсететін деңгейге, сыныптағы жұмысқа назарымызды аудару қажет.

Сыныптағы маңызды сынақ

Білім саласындағы зерттеулерде зертхана жағдайында емес, нағыз сыныптарды табиғи жағдайда қойылған сынақты сирек кездестіруге болады. Бұл зерттеу «нағыз ғылымның» барлық талаптарына сай келді және білім саласындағы зерттеулерді сирек жариялайтын эмпирикалық басылымда жарияланды.^{xix}


Он бес мұғалімді кездейсоқ тәсілмен екі әр түрлі тапсырма бойынша бөлді: мұғалімдердің бір тобына оқушыларға үйренуге көмектесу тапсырылды, ал екінші топқа оқушыларының үлгерімдері жақсы екеніне көз жеткізу тапсырылды. Содан соң өз сыныптарында 10 жасар оқушыларына екі типті есеп шығаруға көмектесуді өтінді. Оларды бейнепенкаға жазып, содан соң жазуларды, бастапқыда мұғалімдерге қандай тапсырмалар берілгенін білмейтін, кодтаушылар талдады. Мұғалімдерге берілген тапсырманы білмеген тәжірибеші оқушылардан ұқсас тапсырмаларды орындауын өтінді. Оқушылардың оқытқан есептер мен қорытындылаған есептер бойынша нәтижелерін тәуелсіз торешілер бағалады. Нәтижелер тестілу кезінде үлгерімге бағытталған оқу барысында мұғалімдер тарапынан қысым көрген оқушылар ең жаман нәтижелер көрсеткенін дәлелдеді.

Сонымен, нәтижелерге жетуге күш салу үлгерімді жақсартуға көмектеспейді. Бұны одан әрі қалай ұғынамыз?

Негізгі проблема: оқушыны бағдарлау

Уәждемені, дамуды және жетістіктерді зерделеудегі көптеген зерттеу ұжымдары жылдар бойы және көптеген елдердегі сәйкестіктердің қайталанып

кездесетінін атап отыр. Төменде берілген параметрлердің көмегімен оқушы кез келген мәнмәтінде сипаттауға болатын бағдарды қабылдай алады:

<i>Оқуға бағдарлану</i>	<i>Үлгерімге бағдарлану</i>
<p>Оқушылар ретінде барлығымыз ерекшеленетін өлшем</p> 	
Күш салу Бізді табысқа әкелетініне сенеміз	Біз қабілеттер табысқа әкелетініне сенеміз
Біз өзіміздің тұрақталып қалатынымызға немесе батып қалатынымызға емес, жақсару мен оқу қабілетімізге сенеміз	Басқалар бізді қабілетті және өзгелердің алдында жақсы нәтижелер көрсететіндей қабылдауын қалаймыз
Біз нәтижесі тәсілімізді көрсететін күрделі міндеттерді артық көреміз	Біз басқалардың нәтижелеріне қарағанда жақсы жетістіктерге жетуден қанағаттанушылық іздейміз
Біз күрделі міндеттерде жеке айқындалатын табыстан қанағаттанушылық аламыз	Біз жарысқа, ашық жариялау бағасына басты назар аударамыз
Біз өзімізбен сөйлесеміз: міндетті орындау кезінде біз шешімді біртіндеп айта отырып өзімізге көмектесеміз	Міндет күрделі болғанда біз: «Мен X жасай алмаймын»-деп әлсіздігімізді білдіреміз.
<i>Өзінің жеке қабілетін жақсартуға ұмтылу</i>	<i>Өзінің жеке қабілетін дәлелдеуге ұмтылу</i>

Мектептегі бағдарлану сұхбат берушілер төменде берілген он екі тармақпен (құралдар қатарындағы ең пәрменділеріне^{xx} негізделген) жалпы келісімін (келіспеуін) көрсетуді сұрайтын сауалнама бойынша бағалануы мүмкін. Әр бағдарлану тармақтардың алтауымен бағаланады:

- 1 Көп қате жасасам да, бір нәрсе үйренетін мектеп сабақтары маған ұнайды.
2. Сыныпта мұғалімнің сұрағына жауап бере алатын жалғыз адам болсам, мен өзімді тамаша сезінер едім.
3. Менің мектепте оқығым келетін маңызды себеп-жаңаны білуді ұнатуым.
4. Мен үшін сабақта ақымақ болып көрінбеу өте маңызды.
- 5.Бәрінен де маған шынымен ойлауға талпындыратын мектеп сабақтары ұнайды.
6. Сыныптағы басқа оқушылар, мен тапсырманы жақсы жасайды деп ойлағаны мен үшін маңызды.
7. Мектепте оқуымның маңызды себебі -тапсырманы орындау дағдыларымды жақсартқым келеді.
8. Мектепте сабақ оқуымның маңызды себебі- масқара болмау.
9. Маған қызық болғандықтан, мен мектептегі тапсырмаларды орындаймын
10. Мектептегі басқа оқушыларға қарағанда, мен тапсырманы жақсы жасағым келеді.
11. Мектептегі тапсырмаларды орындаудың маңызды себебі- олармен айналысу маған ұнайды.
12. Мен тапсырмаларды, басқалары мені топас деп ойламау үшін орындаймын.

Бұл құрал бағдарлану қарама-қарсы келетін факті емес екеніне ерекше назар аударады: сауалнама бағалайтын екі өлшемде де біреу жоғары немесе төмен балл алып қалуы мүмкін.

Оқушылардың бағдарлануы және жетістіктер

Әр түрлі зерттеулер жоғарыда аталған оқудың бағдарлану элементтерінің арасындағы өзара байланысты көрсетті: оқуға жоғары бағдарланған оқушылар терең білу стратегияларын тандап пайдаланады, бұл жоғары деңгейдегі табандылықтың жауапкершілігін өзіне алуға әкеліп соғады.^{xxi} Олар көтегн стратегияларды пайдаланады және өз оқуы туралы мета-танудың көп санына ие болады.^{xxii} Сонымен қатар олар өзін-өзі уәждемелейтін ең жақсы стратегияларды да пайдаланады^{xxiii}.

Басқалармен қатар бұл зерттеулер мынаны көрсетеді:

- Оқуға бағдарланған оқушылар, тіпті кейінгі жетістіктері тұрақты бақылауда болса да жоғары бағаларға қол жеткізеді
- *Оқуға бағдарлану, үлгерімге бағдарлануға қарамастан, академиялық табыстарды жақсартуға көмектеседі*

Бұл күнделікті терминдерде материалдарды жеке игергенін жақсарту уәждемесіз жеке қабілетінің уәждемесін дәлелдеу аса маңызды емес екенін білдіреді.^{xxiv} Сонымен оқуға зейін салу мен

үлгерімге зейін салу бір-біріне балама болатын идеяны жоққа шығарады.^{xxv}

Сонымен, оқуға сүйену үлгерімді жақсартта алады, ал тек үлгерімге сүйену нәтижелікті басып тастауы мүмкін. Үлгерімге сүйенудің басқа әсерлері үлкен әлсіздікті, көмек іздеуге төмендеген қабілетін, стратегияны аз пайдалануын, икемділігі шамалы стратегияларды (яғни нәтиже бермейтін стратегиялар) және бағаға көп шоғырлануды қамтиды.

Кейбір зерттеушілер үлгерім мен жетістіктерге бағытталған әсерлерге күдікпен қарап, «үлгерімге бағытталған тәсіл» «үлгерімге бағытталудан аулақ болған тәсіл» бөлуін шешті, бұл жерде екіншісі теріс әсерге ие болғаны анық. Дегенмен, кімді-кім өзінің құзіреттілігін дәлелдеуге ынталанса (үлгерімге бағытталған тәсіл), жоғарыда аталған деректер көрсеткендей, өзінің құзіреттілігін жақсарту бағдарысыз бұл мақсаттарға қол жеткізу мүмкін емес.^{xxvi} Жоғарғы сыныптарда оқуға деген бағдар айтарлықтай бағаларға байланып қалған, ал үлгерімге бағытталған тәсіл – жоқ.^{xxvii}

Басқа салалардағы жоғары көрсеткіштер

Мектептегі үлгерім туралы пікірталас көбінесе басқа салаларда нәтижелерге қалай қол жеткізілетіні туралы пікірлермен толы – сондықтан осы салалардағы деректерге көз жүгірту маңызды болар.

Спорттағы оқуға бағытталған таңдаулы атлеттер дағдыны меңгеру мен нәтижелерді біртіндеп жақсартуға шоғырланады: бұл олардың жетістіктерінің кепілігі ғана болмай, сонымен қатар, үрдіске деген құштарлық пен төзімділіктерінің кепілі болады.^{xxviii} Нәтижелерге бағытталған атлеттердің сәтсіз кезеңдеріне деген шыдамдылық қабілеті төменірек болады. Сонымен, «алтындарды аңсаған» спортшы ғана жеңімпаз болады деген белгілі пікір дұрыс емес.

Бизнесте сатушының тиімділігі оқуға бағытталғандығына байланысты екені дәлелденген^{xxix}. Сонымен, бәсекелі ортада табыс жарыс рухына емес, оқуға деген ынтасына байланысты. Интерактивті бизнес-тренингте, қатысушылардан базарда өзінің ұзақ болуын ұлғайту үшін күрделі шешімдердің топтамасын беруді өтінді. Ең жақсы нәтижелерді оқуда жоғары мақсаттары бар, дағдыны меңгеруде өзінің қабілетіне үлкен сенімділікпен қараған және өзінің мақсатына шынайы берілгендікті білдірген индивидуумдар көрсетті.^{xxx}

Тиімді ұжымдар да оқуға бағытталған, бұл оларға қателерді проблема ретінде емес, ресурс ретінде көруге

көмектеседі: біріншіден олар қатені *көбірек* жасайтын сияқты сезінеді; ал жақынырақ қарағанда, олар көп қате *жібермейді* – олар көбірек *баяндайды*.^{xxxi}

Мақсаттарды қою тәжірибесі кең таралғанына қарамастан, нәтижелердің жетіуіне бағытталу нәтижесіз болуы мүмкін, ал оқудың міндеттерін қою тиімдірек болады. Авиадиспетчерлердің алдына ұшақтардың белгілі бір мөлшерін қондыру жөніндегі күрделі міндеттерді қою олардың тиімділігін ұлғайтқаннан гөрі, төмендетті.^{xxxii} Жуырдағы мақсаттарды қою тиімділігін шолуы келесі қорытындыға келді: «Мақсаттар тар көлемде бағытталғанға, этикаға жатпайтын іс-әрекеттерге, тәуекелді шешімдерді көп қабылдауға, аз ынтымақтастық пен аз ішкі ынталандыруға байланысты ұйымдар ішінде жүйелі сипаттағы проблемалар туындатуы мүмкін»^{xxxiii}.

Бизнес әлеміндегі Бизнес Магистрі дәрежесіне оқып жатқан ересек студенттердің материалдарын зерттеу де осы қорытындыға келді^{xxxiv}. Өз бағдарламасының алғашқы жылына өздеріне оқудың мақсаттарын белгілеп беруге сұраған студенттер өздеріне жылдың соңына түпкілікті нәтижені белгілеп беруді сұрағандардан қарағанда анағұрлым жоғары бағалар алды. өтінген студенттерге қарағанда аса жоғары бағалар алды.

Адам және жағдай – сыныпта.

Оқушылар туралы олар қандай да бір бағытқа ие болды деп сөйлейтін жалпы үдеріс бар, ал іс жүзіндегі фактілер бұл көзқарасты қолдамайды. Жақындағы зерттеулер «саған үйренуге көмектесу» міндетін бейнелеудің өзі, «сен қаншалықты орындай алатыныңды көрейік» деген міндетіне қарсы – оқушының міндетті шешуге келетін ынтасына қарағанда, оқушының бағытына күштірек әсерін тигізуі мүмкін.^{xxxv} Бұл сыныпта болып жатқанға үлес қосуды түсіну үшін аса маңызды сәт.

Сынып ұжымдық ахуал ретінде үлкен ықпалға ие. Әрбір оқушының қатынасын қарапайым орташа арифметикалық қатынас деп өлшеп отырғанның өзінде, сынып бойынша орташа оқуға бағытталуы жеке жетістіктерге оңтайлы ықпал ететінін көруге болады, ал үлгерушілікке бағыттылық орташа сынып бойынша теріс әсер ететіні анықталды.^{xxxvi}

Сыныптағы ахуал онда таратылып жатқан хабарламалар арқылы өзінің ықпалын жүзеге асырады және тіпті кішкентай оқушылар осындай хабарламаларды танып айыра алады. Олар жағдайдың оқуға бағытталғанын немесе үлгерімге бағытталғанын мадақтайтынын сезе алады және олар тиісті бағытты оқушының жеке өзін-өзі қабылдауымен байланыстыруға үйрене алады.^{xxxvii} Келесі жылдары көп әр түрлілік пайда болды. Сыныптарда 10 жастағы оқушылары бар 30 сыныпты зерделеу барысында айтарлықтай айырмашылығы бар бағдарлар байқалды және оқушылардың өздерінің арасында ерекшеленетін бағыттар да көзге түсті.^{xxxviii} Оқушының бағыты толығымен сыныппен анықталмайды: мысалы, кейбір оқушылар оқуға деген жеке бағытын сақтай отырып, мұғалімдердің үміттерін жарыс ретінде қабылдап отырды.

Сыныптарда балалар оқу және математика секілді әртүрлі салаларда түрлі бағыт көрсете алады.^{xxxix} Осы зерттеуде этникаға бөліну немесе қоғамдық-экономикалық мәртебе секілді үлкен ерекшеліктер аса көп болған жоқ, бұл сыныптың жергілікті ықпалының мағынасы басым болатынын болжайды.

Түрлі мектеп сыныптарындағы үрдістер, жетістіктер және мектеп ахуалы

Сыныптағы ерекшеліктерден басқа да аса кең мағынадағы үдерістер мен сызбалар бар. Деректер сыныптағы мақсатты нұсқаулар мектеп жастары арқылы жылжыған сайын үлгерім бағытына сүйене бастайтынын көрсетеді.

Бастауыш мектептегі оқуға деген бағыты жоғары және үлгерімге деген бағыты төмен оқушылар ең бейімделген ойлау қабілет пен жоғары жетістіктерге ие болды.^{xl} Дегенмен, бастауыш мектептің соңғы

сыныптарындағы 431 американдық оқушының талдауы көрсеткендей, олар оқуға азырақ бағытталып, ауыртпалықтан қашуға тырысады.^{xli}

Орта сыныптарға көшу оқудың қалыптасқан тәжірибесін жоққа шығарады, өйткені жаңа ортамен «соқтығысу» пайда болады. Голландтық орта сыныптарының бірінші жылындағы оқушылар оқуға деген бағыт пен жетістіктер арасындағы байланысты көрсетпеді.^{xlii} Дегенмен, бесінші жылы оқуға бағыты бар оқушылар жетістіктермен байланыстың айқын белгілерін көрсетті.

Дегенмен, орта сыныптарда жылжыған сайын сыныптардың оқуға деген бағыттылығы азая келеді; осының нәтижесінде 11 және 12 жастағы 400 оқушы жеке оқу мақсаттарын төменірек қолдап, төмен бағалар алып жатты.^{xliii}

Орта сыныптарда сыныптардағы жағдай ерекшеліктері соншалықты жиі емес^{xliv} және мектеп мәдениеті сыныптағы тәртіп нормаларына ықпал етуде үлкен рөл ойнайды^{xlv}. Барлық орта сыныптардағы оқуға деген бағыттылық айтарлықтай бағалармен байланысты, ал үлгерімге деген бағыттылығы - жоқ.^{xlvi} Сонымен, үлгерімге бағытталған мектеп мәдениеті ең төмен ынта және айтарлықтай шеттетілумен байланысты, аса төмен көрсеткішті болжай отырып – Англиядағы орта сыныптардың мектеп тәжірибесіндегі «аз жетістіктердің ұзын құйрығын» түсіндіретін негізгі элемент бола алады.

Орта сыныптардың шегінен тыс оқушылар колледж ортасына жеткен уақытта, оқуға деген бағыттылық пен үлгерушілік бағыттылығының жоғары деңгейін қабылдаған оқушылар осы мәнмәтінде жоғары табыстарға қол жеткізеді: олар стратегия мен өзін-өзі реттеуді қолданып, ынтаның аса жоғары деңгейлерін көрсетеді.^{xlvii}

Жоғары білім деңгейінде кейбір зерттеулер білімге деген бағыттылықты үлгерушіліктің аса жоғары көрсеткіштерімен байланыстырады.^{xlviii}

Оқу жылдарымен өзгере келетін осы бағыттылықтың көрінісінде кейбір оқушылар мәнмәтіннен тыс жылжиды. Оқуға деген бағыттылығы бар 8 және 12 жасар оқушылар өзінің бағыттылығында, ынтасында және өзін-өзі реттеуде үлкен тұрақтылығын көрсетеді.^{xlix} Мүмкін осындай бағыттылық жеке тұлғалар үшін үлкен тұрақтылықты білдіретін шығар. Ал мәнмәтінге келетін болсақ, бұл жерде оқуға деген бағыттылық үлкен ықпалға ие болды: сыныптардағы

оқу бағыттылығындағы байқалған өзгерістер үлгерушілік бағыттылығындағы өзгерістерге қарағанда, үлгерушілікке көбірек ықпал етеді.¹

Уақыт өткеннен кейін бағыттылықтағы өзгерістерді кейбір ғалымдар дамудың феномені ретінде қарастырадыⁱⁱ, бірақ бұл әлеуметтік мәнмәтінді ескермейтін жеке көзқарас. Оның орнына уақыт бойынша даму үдерісіне мектебіміздің мәдениетін бейнелейтін үдеріс ретінде қарау қажет. Мектептің оқу мәдениетінің негізгі элементтері нені ұйым жетістігі деп санауға болады, ол не және қалай өтеді деген оқу көзқарастарынан тұрады. Осы жерде тағы да мектеп жылдары арасында ерекшеліктер көрінеді.

Сонымен, білім беру институттары үлгерімге бағдарланған сайын, оқытуға бағдарланудың жоғары деңгейі жетістіктің негізгі кепілі болып қала береді, бірақ сыныптағы мәдениетпен қолданбайды. Сонымен, табысқа жете алатын оқушылар тобының азырақ бөлігі табысқа жете алады.

Егер мәдениетте үлгерімге деген бағыттылығы оқудың даму бағыттылығынан жоғары тұрса, стратегиялық іс-әрекеттердің өсуі оқыту іс-әрекеттеріне қарсы өсу құбылысы пайда болады және білім беруді бұдан кейінгі өмір үшін аса жарамды және пайдалы құбылыс ретінде қабылдамай, кедергілерді жою үдерісі ретінде қабылдау үрдісі пайда болады. Бұл табыс стратегиясы емес.^{lii}

Дегенмен сыныптағы жағдайларға орала отырып, бағыттағы осы ықпал етуші ерекшеліктер қалай пайда болады?

Мұғалімдер үлкен рөл ойнайды

Сыныптағы хабарламаларды жеткізу жүйесінің негізгі жетекшісі мұғалім болып табылады. Бір маңызды зерттеу^{liii} айтарлықтай әртүрлі ынталық профильдері бар төрт сыныпты таңдап алды. Екі семестр бойы қадағалау мұғалімнің сөйлеу әдеті мен тәжірибесіне шоғырлана жүргізілді. Қадағалау жүргізу барысында әртүрлі мұғалімдердің келесі сипатты ерекшеліктері әртүрлі болып табылды*

Оқытуға бағдарланған сыныпта (ОБС):

- Тапсырмалар жалпы қатысу жандайын туғызып, барлығы бірдей қатысу тәртібін орнатиады
- Әңгімелесу мен жұмыс жұппен, үшеулеп және аралас топтарда жүргізіледі
- Сынып ережелер жасауға қатысады, жұмыс тәсілінде еркіндік дәрежесі бар.

Үлгерімге бағдарланған сыныпта (УБС):

- тапсырма алатындар жауаптарын мұғалімге өздері ұсынуы тиіс
- Бүкіл сыныпқа арналған оқу басым. Оқушылар арасында өзара әрекеттестік жоқ, оқушылар басқалармен өз жұмысымен бөліспейді
- жасау қажетілігі бар басқа рәсімдермен бірге қағидалар мен санкциялар қайталанып жатады.

Бұдан басқа, ОБС-та:

- Мақтау ақпаратты және шындыққа жақын
- Негізгі идея – өзін-өзі жетілдіру
- Сыныптастар көмек іздестіріп, бір-біріне ұсынады
- Емтиханда алған бағалар қабілет немесе бедел сияқты факторлармен байланыспайды.

Бұл кезде УБС-те:

- Мақтауды мінез немесе ұқыптылық үшін алуға болады
- Мұғалімге сұрақтарды тек белгіленген уақытта беруге болады
- Емтихандар мен олардың маңыздылығы туралы көп айтылады, оқушылар тапсырма бағаланады ма деп сұрайды.

Сонымен, оқуға бағдарланған сынып, мұғалімнен гөрі, оқушыларға бағдарланған тәртіп нормаларын қамтуға тиіс. Оған қарамастан, зерттеушілер барлық төрт сыныпты «негізінен сабақты мұғалім жүргізетін» ретінде сипаттаған және де маңызды жаңа элементті атап өткен: оқушылар қалай оқитыны туралы мұғалімдердің түсіндірулері:

- ОБС-та мұғалімдер оқыту туралы, оқушыдан жеке қатысу мен талдауды талап ететін белсенді үдеріс ретінде анықтама беріп, есте сақтау мен қайталау емес, түсіну мен есте сақтау маңызды болып, бұл өзара әрекеттесу негізгі қасиет болып табылатынын айтқан.
- УБС-те мұғалімдер оқыту туралы тыңдау және нұсқаулықтарды қолдану арқылы қол жеткізетін жеке үдеріс ретінде айтады; дұрыс жауап – бұл мақсат, нұсқаулықтарды қолдану – бұл әдіс

Кейінгі зерттеу^{liv} ағымдағы тапсырмаға назарларын шоғырландырған мұғалімнің түсіндірмелерін, ағымдағы тапсырмаға тәуелсіз болған мұғалімдердің түсіндірмелерінен бөледі. Соңғылар мұғалімдердің өз ойлары мен оқытуы туралы түсіндірмелерін камтиды және түрлі бағытталған сыныптарды, әңгімелесудің басқа бөліктеріне қарағанда, көбірек бөлген. Зерттеу

мынадай қорытындыға келді: «Оқытуға бағдарланған мұғалімдер өзінің ойлау үдерістерін модельге сала отырып, сенімсіздік, өз қателерінен үйрену және сұрақтар қою- оқытудың табиғи және қажетті бөліктері екенін көрсетті».

Сонымен, сыныпта екі негізгі элементті атап көрсетуге болады:

1. Оқушылардың оқуы туралы мұғалімдердің айтуы
2. Өздерінің оқуы туралы мұғалімдердің айтуы

Осы элементтер, мұғалімнің орталық рөлімен үлгерімге бағдарланған сыныптарды жақсарту үшін қажет.

Сыныптағы жұмысты жақсарту

Сыныптар мектептегі жетістіктерге үлкен әсер етеді. Олар тәртіптің белгілі нормалары арқылы емес, белгілі оқу ахуалын жасай отырып әсер етеді. Сыныптарда ойлануға және оқушыға бағытталған ахуал жасалған кезде, жоғары үлгерімге қол жеткізіледі.

Сынып жұмысын жақсарту ісінде көптеген тәсілдер мұғалім жұмысының амалдарына шоғырланады. Олар «қайтарылысы бардан да көбірек» беруді тырысады, мұның ішінде «қайтарылысы бар» зат сабақ берудің оқытудың қарапайым зертеулерімен айкындалады. Нәтижесінде олар тағы да соны жасайды – оқушылары жұмысқа тартылуы төмен деңгейдегі мұғалімге бағытталған сыныптар.

Оқытуды жақсартатын сыныпты жетілдіру екі дәйекті ілгерлеуді талап етеді:

- Ортасында мұғалім тұрған сыныптан, оқушыларға шоғырланған сыныптарға
- Содан соң оқуға бағдарланған сыныптарға.

Бұл екі қадам дәйекті, себебі үдерісті жылдамдатуға тырысып, ортасында мұғалім тұрған сыныптан, оқушыларға шоғырланған сыныптарға тікелей жылжу, әдеттегідей оқыту оқытушыға бағытталған сабақ беруді міндеттеуге апарып соғады. 1970 ж. басталған зерттеулер бұл оңтайлы әсерін^{iv} тигізбейтінен көрсетті. Бұл зерттеушілер «өз зерттеулерінің^{vi} өліммен аяқталатын мутациясы» деп атағандарының мысалы. Зерттеулерге негізделген және оқуға бағдарланған нормалар стандартталып, енгізілгенде, олар мұғалімнің басты рөліне негізделген нормалар болып кетеді, оқу қағидаттары назардан тыс қалып, өзінің оң әсерін жоғалтады.

Мұғалімнің басты рөлінен оқушының басты рөліне ілгерлеу үш өлшеммен сипатталады:

- Белсендірек оқыту, сонымен оқушылар өз шығармашылығы мен шешім шығаруда ғана емес, тағы олар – өз тәжірибесін және оған енгізілген білімді құру үдерісін айқын қайта қарастыру тұрғысынан де белсендірек
- Жалғыз білім дереккөзі ретінде мұғалімді ғана көруге қайшы, оқушылар бір-бірін және басқаларды білім алу көзі ретінде көре алатындай үлкен дәрежедегі ынтымақтастықпен оқыту
- Оқытуды оқушылардың өздері бағыттайды, оқушылар сұрақтардың туындауына қарай оқытуға өздері бағыт береді, сұрақтарды қоя отырып, өздерінің жеке нәтижелері мен өсулерін бағалайды.

Осы үш өлшем сыныпта сол не өзге дәрежеде бар болса, төртіншісіне (сыныпта және зерттеулерде жақын арада пайда болған) назар аударуға мүмкін болады):

- Оқушылар өздерін жоғарыдан көру үшін, өз тәжірибесі мен оқып білуін сипаттауға жететіндей тілді дамыту үшін және өзінің оқуын жетілдіру жолдарын ұсына бастау үшін оқытуды көбірек оқып білу.

Егер оқытуға бағдарлауды, оқушыға бағдарланудың белгілі дәрежесі болмаған сыныпқа енгізіп көрсе, мұндай өзгеріс сәтсіздікпен аяқталады.

Белгілі бір деңгейдегі оқушыға деген бағыттылығы жоқ сыныпқа оқытуға деген бағыттылықты енгізсе, бұл өзгеріске деген талпыныс айтарлықтай сәтсіздікке ұшырайды.

Оқушыға бағытталған алғашқы ілгерлеудің айтарлықтай салдары болады. Оқушыларға бағытталған сыныптарда оқушылардың оқуға деген басқа тәсілі де, бағыты да ашылады. Орта сыныптар оқушыларының пікірінше, олардың мұғалімдері оқушыларға бағытталған жұмыстың нормаларын қабылдағанда, ынтаның оң формаларын мен оқу үдерісіне үлкен дәрежеде тартылуларын айтады (2200 оқушыны сұрау)^{vii}. Оқушылар мұғалімдері сыныптағы оқушыға бағытталған жұмыс формаларын көбірек қабылдағанын сезген сайын, тек қана академиялық көрсеткіштер өзгеріп қоймай (сыныптағы жұмыс қорытындылары бойынша өздерінің жеке мұғалімнің бағалары мен сондай-ақ, жалпы емтихандардың бағалары бойынша), сондай-ақ ынта, мектепке келуі, сабақтың өтуіне кедергі келтіретін мектеп оқиғалары санының азаю секілді басқа да академиялық емес


нәтижелер жақсарады (жоғарғы бастауыш және орта сыныптардағы 4203 оқушыны сұрау)^{lviii}. Мұғалімнің оқушыға бағытталған тапсырмаларды қолданғанын байқаған ересектер есептерінде өз құзіреттілігін жақсарту мен зияткерлік өсу ниетін қоса алғанда, оқуға деген оң бағыттылық пайда болғанын баяндайды. (орта және жоғары сыныптардың 4615 оқушысын сұрау деректері бойынша)^{lix}. Жақындағы мета-талдау келесі қорытындыға келеді: «Жалпы, мұғалімнің оқушыларға бағытталған әдістерімен байланысты индикаторлары оқушылардың оң үлгерімдеріне орташадан көбірек ықпал ете алады.»^{lx}.

Осы саладағы АҚШ жетекші мамандарының бірі жақында екінші ілгерлеудің құндылығын ескерді: «Оқу үдерісінің өзін зерттеуге қарағанда, зерттеуге тұратындай басқа нәрсені таба алмаймын. Бұл банкке күрделі пайыз жинақтаған ақша салғанға ұқсайды. Өкінішке орай, оқыту нұсқаулықтарының үлкен бөлігі оқу үдерісінің өзін зерттеуге аз назар аударады.»^{lxi}

Оқу үдерісін зерттеу – негізгі идеялар

Осы мақалада ары қарай «оқуды зерттеу» термині қолданылады, дегенмен айналымда басқа да терминдер бар екенін мойындау қажет.

Осы саладағы әдебиеттің көлемі соңғы онжылдық ішінде айтарлықтай өсті, қазір тіпті осы тақырыпқа арналған «Мета-таным және оқу» журналы бар. 1-суретте «оқуды зерттеу», «оқуға үйрену» және мета-оқу терминдері қолданылған мәтіндердің мөлшері ұсынылған (машиналық оқу туралы мәтіндерден басқа)



1-сурет. «Оқытуды зерделеу» әдебиеті көлемінің өсуі

«Мета-оқу» термині оқу үдерісін зерттеуді білдіреді, ал мета-таным ойлау туралы ойды білдіреді. Оқыту ойлаудан көбірек түсінікті қамтитындай, «Мета-оқу» мета-танымнан да көп нәрседен тұрады – мысалы,

мақсаттарды, сезімдерді, әлеуметтік байланыстарды және оқу мәнәсінін зерттеу. Бұл термин жақында ОФСТЕД^{lxii} (білім беру істері жөніндегі ағылшын мемлекеттік институты)^{lxiii} мектеп инспекциясы туралы есепте – инспекторға түсіндірген 4 жастағы баланың арқасында пайда болды.

Осы онжылдықтар ішінде сынып жұмысының идеяларын түсіну және оған қатысты амалдарды дамыту да өзгеріске ұшырады. Бұрын басты назарда оқыту жұмысының дағдылары мен стратегиясында болатын. Оқушылардың жеткіліксіз қабілеті туралы көзқарасты қабылдаған көптеген бәсекелес тұжырымдамалар болды. Оқушылар тобына **белгілі бір стратегия** зерделеу үшін жақсы деп түсіндіргенде, кейбір оқушылар: «Мен бұл стратегияны қолданбаймын – сондықтан, мен өзім ойлағаннан да нашарлауым»- деп өздеріне өздері айтады. Сонымен, ең жақсы ниеттермен жасалған бағдарламалар, егер тек бір тәсіл бойынша оқу тиімді деп санаса,^{lxiv} теріс және сенімсіздік тудыратын әсерге ие болатыны анық.

Деректер көрсеткендей, дағдылар оқытылған жағдайлардан басқа жағдайларға ауыспайды^{lxv}. Ірі еңбек келесі қорытындыға келді, рефлективтік пен метатанымдық дамуға назар аудармай, оқушыларға «оқу дағдыларын» тікелей оқытудың мағынасы болмайды.^{lxvi} Жетекші зерттеуші атап кеткендей, «Балалардың өзінің стратегиялық репертуарындағы сәтсіздіктерінің себебі түсінбеушілік болғаны мәлім: оларда өздері әдейі оқи алатын қабілеттілігі туралы түсінік болмаған; оларға рефлексия жетіспеді»^{lxvii}. Өзінің оқуларын қадағалап, сол туралы ойланған сайын оқушыларға стратегияларға шоғырлануға көмектесу үшін, үдеріске араласу басталды.

Содан соң оқудың «стильдеріне» назар ауысты, ол мектептің оқушыларды санаттандыруға бейімдігімен қатар жүрді. Дегенмен, зерттеулер тәуелсіз үлгілердің көп бөлігінің босаң негіздемелері мен өлшеулерінің сенімсіз әдістерін және педагогикаға жасаған төмен ықпалын көрсетеді.^{lxviii} Алайда, үлкен жеке қызығушылық пен тым аса мақұлдаулар арқасында осындай пірікталастарды қазір де көруге болады.

Біздің уақытымызда дағдылар мен артық көру расында да беделді фактор болатынын дұрысырақ түсініп, көз жеткізілді, бірақ:

Оқушының тиімділігі жан-жақты оқушы болу қабілетіне, оқу мен оқуға деген бағдарлануға кең

көзқарасқа ие болуына байланысты, бұл өз кезегінде өз оқуын жоспарлау, оны бақылау және қайта қарастыру қабілетімен – мета-оқуды жылжытатын аспектілермен байланысты.

Стратегиялар өз рөлін ойнайды, дегенмен олардың кейбірі басқаларға қарағанда маңыздырақ болуы мүмкін. Оқу стратегиясының келесі түрлері туралы деректер

Университет студенттерінің негізінде жиналған метатанымдық стратегиялар (мысалы, бақылау), терең стратегиялар (мысалы, мағынасын іздеу), үстірт стратегиялар (мысалы, жаттап алу), Ресурстарды қолдану стратегиялары (мысалы, уақыт) емтихандарда жоғары бағалар алу үшін метатанымдық стратегиялар аса маңызды екенін көрсетеді. Осы стратегиялар оқуға деген бағыттылықпен тығыз байланысты^{lxxix}.

Мәнмәтін оқуды зерттеу үшін маңызды болып қалады. Оқушыларға мектеп мәнмәтінің талаптарын оқу мен түсінуде көрсетілген көмек олардың оқу, жазу, емтихан тапсыру және үй тапсырмасын орындау дағдыларын сәтті жақсартты. Осы табыс оқушылардың мектептен тыс дағдыларын мойындайтын бағдарламаға тиесілі, ол оқушылардың мектептен тыс күшті жақтарын мектеп жұмысының мақсатында қолданып, оқушылардың дағдыларды құрастыруын өздерінің жеке тәжірибесіне негіздейді.^{lxx} Бұл оқушылардың мектептен тыс танымының кең тәжірибесіне ие болатыны және мектептер осындай тәжірибенің негізінде дағдыларды сәтті құрастыра алатынын еске салады.

Басқа зерттеу ұжымдарында жағдаяттық тапсырмалар маңызды болады. Мектепке тән жағдаяттары бейнеленген суреттерге негізделген жұмыстың формалары әзірленді, онда оқушылардан берілген суретке байланысты реплика жазуын немесе персонаждың өз ойындағы монологын жазуын сұрайды. Жұмыстың осындай нысаны оқу мәнмәтіндеріне деген оқушылардың көзқарасын көрсетеді және мұғалімдер мен оқушылар арасындағы рефлексивтік диалогқа үлес қосады^{lxxi}.

Оқытуды зерделеуге деген көзқарас осылай дамыды, ол:

- Құндылықтарды түсіну және кемшіліктерге емес, күшті жақтарға шоғырлану
- Оқушылардың басынан өткен оқу тәжірибесіне шоғырлану
- Көптеген мәнмәтіндерге, соның ішінде

мектептен тысқа да шоғырлану

- Бақылау мен шолуды жоспарлау
- Оқыту мәніне үлкен назар аудару

Осы жағдайда аса қолайлы оқу тілі – ол біреу берген тіл (дағды тілі) немесе бөлетін тіл (стиль секілді) емес, бірақ көріністі нақтыдан жоғары және аса толық бейнелейтін тіл.^{lxxii}

Осындай көзқарастарға негізделген сыныптағы жұмыс тәсілдерінің үлгерушілікке қандай да бір ықпалы бар екенін көрсететін деректер бар ма?

Сыныптағы жұмыс тәсілдері

Мектепке дейінгі мекемелердегі оқуды зерттеу

Кіші балаларды оқыту көбінесе қажетті дәрежеде бағаланбайды. Дегенмен, 3-5-жастағы балалар үстірт сипаттамалар бойынша емес, қағидастар негізіндегі мысалдар негізінде оқуды ұнатады^{lxxiii}. Бұл оқу бір негізгі тәсілмен жылдамдатылуы мүмкін: олардан түсіндіруді өтініңіз. 3-жастағы балалар 4-жастағы балалар секілді жақсы нәтижелерді көрсетеді (оқытылу бойынша ойланбаған 3-жасар балалардан екі есе артық). 4 жаста балалардың ұсынған жеке түсініктері ересектің ұсынған түсініктеріне қарағанда жақсырақ түсінуге көмектеседі.

Кіші балалардың оқу туралы тұжырымдамалары уақыт өте келе өзгеріске ұшырайды. 3- және 8-жастағы балалардың олар *нені үйреніп* жатқаны туралы тұжырымдамасы а) бір нәрсе ... дейін істеу б) бір нәрсені білу үшін в) бір нәрсені түсінуден өзгереді; олар *қалай оқитыны* туралы тұжырымдама а) әрекеттер бойынша оқу б) олар өскен сайын оқу в) уақыт өткен сайынғы енжар тәжірибе немесе тәжірибе арқылы белсенді тәжірибеге дейін өзгереді^{lxxiv}.*

Бұл өзгерістер балалардың өз оқуын жетік ұғынуын ұлғайтуға бағытталған оқыту тәжірибесімен жылдамдатылған^{lxxv}. «Метатану диалогтары» (оқытатын диалогтар) деп аталатын диалогтар арқылы балаларды не істегені туралы ойлануды және әдетте болатын іс-әрекеттермен неге айналысқаны туралы ойлануды сұраған, мысалы:

«Кеше біз X неге жасадық (айналыстық)?»

«Осы уақытқа дейін білмегенді білдіңдер ме?»

«Мұны білу үшін сіз не жасадыңыз?»

«Бұл туралы сіз ертең тағы бірдеме біле аласыз ба?»

«Өзіңіз білгеннің барлығын басқа адамдарға қалай үйретер едіңіз?»

Соңында, «мұндай білім қызметінің түріне [мета-оқытуды қоса] тартылған балалар, оқуға (жаңа тақырыпты түсінуге) жақсы дайындалғанын айқындады». 6 жасар балалар нақты жағдайларда қойылған оқыту сынақтарында, параллель топтардағы өз құрдастарына қарағанда, жақсы түсінік көрсетті^{lxxvi}.

Сондай-ақ балалар: «Бұдан әрі не оқуын шешетін болсаңдар нені ұсынар едіңдер?» деген сұрақ бойынша да терең түсінік көрсетті және олардың жауаптары жасайтын іс-әрекеттер маңайында емес, оқу арқылы алатын білім айналасында болды. «Сендердің жастарың мұғалімнің жасындай болғанын елестетіңдер және басқа балабақшадағы балаларды өздеріңнің бар білетіндеріне үйрету қажет болса, мұны қалай жасар едіңдер?» деген сұраққа олардың жауаптары әңгіме арқылы сабақ беру емес, тәжірибені жоспарлау арқылы сабақ беру айналасында болды.

Бұл зерттеулер сынып жұмысындағы екі маңызды амалдардың едәуір әсерін көрсетеді:

1. Оқуды назар аударылатын нысанға айналдыру
2. Оқуды әңгіме нысанына айналдыру

4 және 8 жасар балаларды салыстыратын басқа жобалар, «балалар мектепте көп нәрсені үйренеді, бірақ олардың сабақ беру мен оқу үдерісін үйрену мүмкіншілігі өте сирек болады» деген қорытындыға келді^{lxxvii}.

Балабақшадағы және мектептің бірінші жылындағы балалар туралы фильмдерді зерттеу, балалардың, мұғалімдер күткеннен де көп мөлшерде, әсіресе стратегиялық бақылауы бар салаларда (проблемаларды шешу, жоспарлау, болжау, түсіндіру және прогресті бақылау) метатіл білімі бар екенін көрсетті^{lxxviii}. Оқытушылар олардың дағдыларын өте құрметтеді, ал бір зерттеуші жұмысты мынадай тұжырымдамамен аяқтады: оқытушылар бұл салада қолданатын әрекеттері «күтпеген жаңалықтармен» - тосын сыйлармен аяқталады!

Бастауыш мектептегі оқуды зерттеу

«Оқушылар қауымдастығының дамуы» бағдарламасына қалалық сыныптардың 6 және 12 жас аралығындағы оқушылары қатысты^{lxxix}.

Оларды өзіндік рефлексивті оқытумен айналысуы (1) мен жеке білімі мен құзіретін анықтау үшін жауапты

зерттеушілер ретінде (2) әрекет еткендері үшін мадақтап отырды. Бұл балаларда енді пайда болып келе жатқан стратегияны және мета-танымды жақсартады және шағын топтарда бір- бірін түсінуге көмектеседі. Бағдарлама сауаттылық дағдыларын жақсарту мен пәнді игеру бойынша олжалы болды. Түсіну дәрежесі еселенді және түсіндіру тәсілдері өзара аса байланысты болды. Балаларда оқудың икемді стратегиясы мен кең салада қолданумен байланысты зерттеу стратегиялары пайда болды.

Осындай сыныптарда таңдау мен өзін-өзі бақылауды дамыту үшін ашық тапсырмалар қолданылады. Сауаттылық саласында осындай тапсырмалар 12 сыныптағы 6-жасар балаларға ішкі ынтасын, мета-танымын және стратегиялық тәртібін дамытуға көмектесті^{lxxx}.

Осы тәрізді, өзін-өзі реттеудің оқу түрі қолданылатын сыныптарда жазбаша тапсырмалар 7-8- жасар балаларға өз жазуын жемісті бағалап қадағалауға, құрдастарының көмегін тиімді қолдануға және мұғалімдерде серіктес ретінде қабылдауға көмектеседі^{lxxxi}. 9-жастағы балалар бірнеше күндік күрделі, бірлескен тапсырмаларды ұнатады: осындай тапсырмалар балаларды үлгерімге аз бағыттап, әсіресе нашар оқушылардың жұмыстан қашуын азайтты. Тапсырмалардың негізгі ерекшелігі жоспарлау мен диалогты талап етуінде болады. Күрделі тапсырмалар (мысалы, өзі қалаған тақырып бойынша шығарма жазу, саясаткерлерге хат жазу, зерттеушілік мақалалар, келесі сыныпқа хат жазу) жеңіл тапсырмаларға (мысалы, орфография, дауысты дыбыстар мен есімдіктерге, жазу мен сөздік қорына байланысты) қарағанда көбірек ұнады. Жеңіл тапсырмаларды оқушылар зеріктіретін және аз ойлануды талап ететін тапсырмалар ретінде қарастырады^{lxxxii}.

Кейбір сыныптарда (аз мөлшерде ғана) оқушыларға метатанымды түсінуді және оқу бойынша тапсырмалардағы стратегияны дамыту мүмкіндігі беріледі. Мұғалімдер оқушыларға қалай білім алғандары мен оқу бойынша стратегияларды қалай қабылдап жақсартқандары туралы көбірек түсінуге көмектеседі - мысалы, дауыстап ойлау – және мәселені шешудің түрлі жолдарын ұсынады. Олар оқушылардың бұрын алған білімін еске түсіреді және өзінің тәжірибесін вербалдауға көмектеседі^{lxxxiii}. Оқу талқылаудың айқын ортасында болғанда, балалар үдеріс туралы айтып, оны үйренуге мүмкіндіктері болады. Кейбір тәжірибешілер айтқандай «Энтузиазм және тарту дәрежесі, әдеттегідей жоғары болды.

Жазуды ұнатпаған оқушылар тапсырма мен үдерісті талдау жұмысымен қызыға айналысқан сияқты.»^{lxxxiv}.

Сонымен қатар оқу мен үлгерім қалай талқыланыпты да маңызды. Сәтсіздіктен кейін оқушылар өзінің сәтсіздік тәжірибесін қабілеттерінің жеткіліксіздігінен көреді; олардың үлгерімі төмендейді. Мұндай оқушыларға табысы мен сәтсіздіктерін қабілетінен гөрі жұмсайтын күші мен стратегиясына байланысты деп айта отырып көмектесуге болады. Сонда олардың үлгерімі (арифметика жаттығуларын орындайтын 10-жасар) сәтсіз тәжірибеден кейін нашарламайды.^{lxxxv}.

Стратегияларды оқыту мен оқуды зерделеу қатар жүреді. Оқушыларға өзінің оқуын реттеуге және жоспарлауда шебер болуға көмектесетін дағдылар аса маңызды. Есеп шығару жөнінде бағдарламалық жабдықтарды пайдалануға үйренген 10-11 жасар балалар авторлары мета-тануды жаттықтыратын тапсырмалар ретінде сипаттаған қадағалаушы жаттығуларға қатысты. Олардың нәтижелері мұндай жаттығудан өтпеген балалармен салыстырғанда жоғары болды. Олар күрделі проблемаларды шешуде табыстырақ болды, жетістікке жылдам жететін және жалпы табысты стратегияларды қолданды, себебі олар жұмысты мәселе жайында ойланудан және шешу мүмкіндіктерін қарастырудан бастайтын.^{lxxxvi} Оқудың мақсаттары мен стратегияларын үйренген 10-жасар оқушылар осылайша кейде өзінің нәтижелерін жақсартатын, бірақ оқыту стратегиясын пайдалану үшін олар мета-оқуға да мұқтаж болды.^{lxxxvii}.

Оқуға бағдарланған сыныптарды тексеру мен жете ұғынуды қолдайтын әдістер де маңызды. Оқу барысы жазылатын «оқу күнделігін жүргізу тәжірибесі табысты болды»^{lxxxviii}. 10-жасар Линн айтқандай: «Жазған кезде мен көбірек байқаймын және түсінемін». Бірқатар әр түрлі еске түсірулер, оқушылардың өздері ұсынған еске түсірулерді қоса, оқушыларға оқу жолдарының түрлі аспектілерін еске сақтауға және қайта қарастыруға көмектесе алады. Тікелей тәжірибеден кейбір қашықтық жасау үшін жете ұғыну аса қажет. Күнделікке ағымдағы жетістіктерді кейінірек талдау сатысында қайта қарастыру үшін де жазып алады.

Оқу үдерісін жазбаша түрде жазу әктісі назар аудару мен ауызша айтуды талап етеді; бұл ретте жазып отырған оқушының идеялары оның құрдастарының қарауына қолжетімді болады.

Бейнетаспаға жазылған сабақты қайта қарау әсер күшті құралы бола алады. Оқу дағдыларын түзету жөніндегі бағдарламаға қатысқан 6-жасар балаларға сабақтар бейнежазбасын қайта қараған кезде өз

